

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CDZE3219>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/VJYA9076>

***Ж. Ж. Ибраимова, С. М. Молгаждарова**

Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СХЕМАҒА БАҒЫНБАЙТЫН СӨЙЛЕМДЕР

Бұл мақалада мүшеленбейтін сөйлемдердің ешқандай түріне (атаулы, генитив, вокативті, одағайлы, модаль сөзді сөйлемдерге) келіңкіремейтін, құрамы бір немесе одан да көп сөзден тұратын, бірақ өз ішінде мүшеге жіктелмейтін, біртұтас мағына беретін құрылымдар қарастырылады. Коммуникемдер функционалды-семантикалық жағынан топтастырылып, әрқайсысына тілдік деректер беріліп, беретін мағыналары анықталды. Соңында коммуникемдерге анықтама келтіріліп, өзіндік ерекшеліктері анықталды.

Отандық және шетелдік білікті ғалымдардың ұсынған материалдарына сүйене отырып, зерттеуде салыстыру, аудару, түйіндеу, жіктеу әдістері қолданылады.

Кілтті сөздер: фразеологизм, реплика, мүшеленбейтін, диалог, коммуникем.

Кіріспе

Дербес тілдік единица ретінде зерттеліп жүрген құрылымдардың бірі – коммуникемдер. Олар мүшеленетін сөйлем беретін мағынаны бойына жинақтайды немесе иә/жоқ тәрізді мүшеленбейтін сөйлемдердің мағынасына сай жұмсалады. Олардың қолданылу аясы – ауызекі сөйлеу тілі. Ауызекі сөйлеу тілі синтаксисі жалпы тілдік негізге сүйенгенімен, жүйеленген әдеби тілге қарағанда өзіне тән ерекшелігі бар, ол ерекшелік – мүшеленбейтін айрықша құрылымды сөйлемдердің басым болуында. Күнделікті өмірімізде біз бір-бірімізбен қарым-қатынас жасағанда, көлемі ықшамды, үнемді, нақты, эмоцияға бай, алайда ешқандай синтаксистік модельге бағынбайтын құрылымдарды жиі пайдаланамыз, сондықтан мұндай құрылымдарды ескермеуге болмайды деп есептейміз.

Зерттеудің нысаны: коммуникемдер

Зерттеудің пәні: коммуникемдердің функционалды-семантикалық топтары

Мақсаты: коммуникемдерді функционалды-семантикалық тұрғыдан қарастыру.

Міндеттері:

- коммуникемдерді функционалды-семантикалық жақтан топтастыру;
- коммуникемдерге анықтама келтіріп, ерекшеліктерін көрсету.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Құрылысы жағынан оқшау келетін, құрамындағы сөздері мүшелік қатынасқа анық даралауға келмейтін сөйлемдерге «Жақсы!», «Жарайды», «Қайдағы», «Бұл да сөз бе?!», «Иә, саған!», «Солай ма екен?!», «Қарай гөр өзін!», «Айтпағанда!», «Келгенде қандай!», «Ол ол ма!», «О несі екен!», «Алғанда қандай!», «Айтқанда қандай!», «Солай ма екен?», «Сөз жоқ», «Ой, алла!», «Құдайым-ай!», т.б. тәрізді сөйлемдер жатады. Десе дегендей, несі бар, ол ол ма тәрізді құрылымдар ауызекі тілде өте жиі кездеседі, мұндай репликалар фразеологиялық тіркестерге жуық, өйткені репликалардың құрамындағы сөздер бастапқы мағынасын, бастапқы синтаксистік қатынасын танытпайды. Және де келмегенде ше, не сұрайтыны бар, айтпай немене деген құрылымдардың құрамын бөлшектеуге келмейді, тұтас бір синтаксистік тұлға ретінде жаңа мағынаға ие болады. Сонымен, мұндай сөйлемдердің басын қосатын бірнеше белгілер:

- а) бастапқы мағынасы жоғалады (келмегенде ше – болымсыздық мағынасы);
- ә) соның әсерінен жаңа мағына туындайды (келмегенде ше – болымдылық мағына: «міндетті түрде келеді», «келетіні айдан анық»);
- б) әрі құрамы бөлшектеуге келмейді;
- в) сондықтан да бұлар тұрақты тіркестерге ұқсас.

Кейбір ғалымдар мұндай құрылымдардың контекстің ықпалынан, сөйлеу әктісінен туындаған сөйлемдер деп біледі.

Ауызекі тіліне тән сөйлемдердің мүшеленбейтіндігіне назар аударса келіп, біз өзінің бұрынғы мағынасынан ажырап, жаңа бір мағынадағы тұтас ой-ақпарат бере алатын сөйлемдерді «коммуникемдер» деген атпен қарастыруды жөн көрдік. Өйткені, біріншіден, «коммуникем» мен «коммуникативтік» деген сөздер түбірлес сөздер, осыдан-ақ олардың коммуникативтік қызметі айқын көрініп тұр. Коммуникемдерді функционалды-семантикалық жақтан былайша топтастыруды жөн көріп отырмыз:

1 Этикетті коммуникемдер.

а) сәлемдесу құрылымдары: Саламатсыз ба? сөзі тікелей жауап беруді міндеттемейтін, «сізді аман-есен көргеніме қуаныштымын» деген хабарды береді, сондықтан да осындай сұрауды амандасу әрекеті бағытталған екінші адамның да аузынан естуге болады. Бұл адамдардың қарым-қатынасы осы амандасу рәсімімен де шектелуі мүмкін. Немесе диалогке ұласуы да мүмкін.

Негізінен, сәлемдесу, амандық сұрасу сөйлеушімен қарым-қатынасқа түсу үшін қызмет етеді, коммуникативтік актіге қатысушылардың бүкіл әңгімеге этикетті сарынын белгілейді де, әңгіме бастаудың алғы шарты болып келеді.

ә) қоштау этикеттері: Қош бол! Көріскенше күн жақсы! – «мен сенің амандығыңды тілеймін», «тағы да кездесейік», «ауырмай, аман-есен жүр», «әрбір күнің саған жақсылық әкелсін» деген ақпарат жүгін арқалап тұрған коммуникемдер. Мұндай құрылымдар қарапайым түрдегі «ал жақсы» сөзімен де алмастырылып айтылуы мүмкін.

б) жалпы сөйлеу этикетіне жататын құрылымдар (рахмет, кешір, ғапу, жаракім алда!): – Айналайын. Қала жағдайын білеміз ғой, сынамаймын. Жаға-жастана келерміз. Үйінді көрдім, рахмет! Бұл жердегі «рахмет» сөзі сөйлеуші адамның үй иесіне «мен сізге ризамын» деген көңіл күйін білдіретін ақпарат беріп тұр.

2 Мақұлдау/мақұлдамау, тыйып тастау, құптау коммуникемдері (Иә саған!; Жақсы!; Жарайды; Құп; Әлбетте!; Енді қалай деп ең!; Олай болмаса, игі етті!; Шүбәсыз!; Сөз жоқ; Сөзсіз!, т.б.).

– Сен маған көмектесесің бе? – Иә, саған! («жоқ, сен көмектесуге тұрмайтын адамсың!» деген мағынада айтылған) немесе: – Оны неге сұрадың... Әкең Сұлтан. – Иә деген. Ол сенің әкең («менің әкем емес» деген жаңа мағынадағы коммуникем).

3 Келісу/келіспеу мағынасындағы әр түрлі сөз таптарынан жасалған сөздер (қайдағы; айтпа) де белгілі бір ой-ақпарат жүгін көтеріп, мүшеленбейтін коммуникемдер қызметінде қолданыла алады. Осыған дейін бұлардың кейбіреулері модаль сөздер ретінде қарастырылған.

Сөйлеуде жиі қолданылатын «Қайдағы» мүшеленбейтін сөйлемінің мәні – келіспеу, яғни «жоқ» сөйлеміне синонимдес болады да, «Айтпа» сөйлемінің беретін мағынасы, керісінше, келісу, қостау мәнінде «иә» сөйлеміне тең дәрежеде, жарыса қолданылады. Мысалы: – Әже, балаларыңыз көмектесіп тұратын шығар? – Қайдағы. Өздері бізге ауыз ашады. – Айтпаңыз. Жастарға өмір сүру қиын боп барады. Мұндағы «қайдағы» келіспеу, яғни «жоқ, көмектеспейді» сөйлеміне синтаксистік синонимдес болса, «айтпаңыз», керісінше, «иә, айтып тұрғаныңыз рас, жастарға өмір сүру қиын, олардың өмірі қиындап барады» сөйлемімен теңдес болады.

4 Эмоционалды-бағалау коммуникемдері (Қайткені несі?; Апырмай ә, қарай гөр!; Көрермін бәлем!; О несі екен?; Жетпегені сол еді!; Қарай гөр өзін!; Мына кереметті қара!; Ой, алла!; Құдайым-ай!; Ай, сорлы!; Ай, бишара-ай!; Ақымақ!; Жынды!; Есалаң!; Есерсоқ!; Маубас!; Суайт!; Байғұс!; Ұятсыз!; Албасты!; Жалмауыз!; Мешкей!; Мыстан!, т.б.).

Ауызша сөйлеу тілінде белгілі бір жағдаят немесе деректер, құбылыстар жөніндегі сөйлеуші тарапынан тыңдаушыға деген жағымды/жағымсыз мәніндегі бағалау әрекетін көрсетеді.

Мысалы:

– Оны қайтейін деп едің?

– Қайткені несі? Бастық бастықтығын істесін бізге. Басқарусыз бола ма екен. «Сондай да сұрақ берсең-ау, түсінбейсің бе?» деген мағынадағы коммуникем.

5 Мәтін түзуші коммуникемдері – бұлар сөйлеуді айту жосығына қарай шартты түрде айтылған кесінділерге бөлетін құрылыстық-ұйымдастырушылық ролі бар, сөйлеушінің ойын не жалғастыру, не аяқтау ниетінен хабар беретін коммуникемдер: (Сосын; Сонымен; Солай де, т.б.). Мысалы: – Жан-жағымға қарауға шамам келмей зыттым ғой. – Сосын. «Әрі қарата не болды?» деген мағынадағы коммуникем.

6 Бейтараптық мағынадағы коммуникем (мейлі):

Құрмалас сөйлемде мейлі шылауы талғаулықты жалғаулық қызметін атқарса, диалогте жеке тұрып, мүшеленбейтін сөйлем қызметінде жұмсалады да, басқа біреудің іс-әрекетіне бейтарап қараушылық мағынасында қолданылады.

– Ұялсаншы, елдер қарап тұр емес пе? – Мейлі! («Жастар әлемі»). Мұндағы «мейлі» сөзінің беріп тұрған мағынасы – «қараса қарай берсін», «маған бәрібір», яғни немқұрайлылықты білдіріп тұрған коммуникем.

7 Күдік-күмән мәніндегі коммуникемдер: кім біледі, қайдам. Мысалы: – Ер жетті қой, ақылы кірген шығар, еркелігін қояр. – Әй, қайдам. «Соның ақылының кіргеніне, қолынан бірдеме келетіндігіне көзім жетіп тұрған жоқ, күмәнім бар» мағынасындағы коммуникем.

8 Сендіру, көз жеткізу мәніндегі міне сілтеу есімдігі арқылы жасалған коммуникем: – Мен сізге ауылдан сәлемдеме әкелдім. – Сәлемдеме? – Міне («Жастар әлемі»).

Бұл мысалдағы «міне» сілтеу есімдігі арқылы жасалып тұрған сөйлемдерінің беріп тұрған мағыналары: «алыңыз, қараңыз», «көріңіз».

9 Алғыс-қарғыс, тілек, жақсы көру мәнді фразеологизмді коммуникемдер: Қайырлы болсын! Қайырын берсін! Адыра қал! Құдай ұрғыр! Уа, атаның аруағы, өзің жар бола көр!, Айналайын! т.б.

– Емтихан... Диплом алдым ғой... – деді. – Қайырлы болсын! (Р. С.). «Дипломыңның қызығын көр, жақсылық көбейе берсін» деген тілек мәніндегі мүшеленбейтін сөйлем.

Халқымыздың өте ертеден келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлерінің бірі – бата беру, ізгі тілек білдіру деуге болады. Бата сөзінің мазмұны ақ тілекті, жақсы ниетті мегзейді. З. Ерназарованың анықтауынша, тілек, бата беруші сөйлесімдері прагматикалық көрсеткіштерге өте сезімтал болып келеді. Оларға фразеологиялық сипат тән. Тілек-бата сөйлесімдерінде

бағалау модальдігі қабаттасады. Өйткені бұндай сөйлесімдердің қолданылуы тыңдаушы әрекетін бағалаумен дүниеге келеді [1, 196 б.].

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандардан коммуникемдерді контексте барынша толық коммуникативтік жүк арқалаушы единица ретіндегі мүшеленбейтін сөйлемдер деп тану қажеттілігі шығады. Бұған негіз болатын – ғылыми мәнін ашатын өзіндік жүйеге, өзіне ғана тән белгілер мен ерекшеліктерге ие болуы. Негізгі атқаратын қызметі – тұтас ақпаратты шағын ғана элементпен - сөзбен жеткізу. Сонымен, коммуникемдер дегеніміз - грамматика тұрғысынан мүшеленбейтін, белгілі бір атауыштық мағынасы жоқ немесе сондай мағынасынан айырылған, тілде экспрессивтік қызмет атқаратын сөз немесе сөздердің тіркесуі арқылы жасалған, сөйлемдік қасиеті бар синтаксисінің коммуникативтік единицасы. Олардың басты белгілері мыналар:

- а) алғашқы мағынасынан бөлек жаңа мағыналық сипат алады;
- ә) бастауыш/баяндауышқа сараланбаса да, тұтас ақпараттық жүк арқалайды;
- б) құрамы жағынан бір сөзден де, сөз тіркесінен де жасалады;
- в) әр түрлі сөз таптары мен ішінара фразеологизмдерден жасалады;
- г) ешқандай құрылымдық схемаға бағынбайды;
- ғ) эмоционалды-экспрессивтік мағынасы жағынан ерекшеленеді де, айрықша интонациямен айтылады;
- д) көбінесе иә/жоқ тәрізді мүшеленбейтін сөйлемдердің мағынасына сай жұмсалады;
- е) ең бастысы – мағынасы контексте ғана ашылады.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Ерназарова, З. Ш.** Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі [Мәтін]. – Алматы, 2001. – 215 б.

2 **Аманжолов, С.** Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы [Мәтін]. – Алматы : Санат, 1994. – 320 б.

3 **Балақасев, М., Қордабаев Т.** Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 1966. – 340 б.

4 **Меликян, В. Ю.** Об одном из типов нечленимых предложений и его эстетических функциях // Русский язык в школе [Текст]. – 1999. – № 2. – С. 94–100.

5 **Ерубасев, С.** Менің құрдастарым. Шығармалары [Мәтін]. – Алматы: Жалын, 1979. – 536 б.

6 **Есенберлин І.** Көшпенділер [Мәтін]. – Алматы, 1998. – 584 б.

- 7 **Әуезов, М.** Жиырма томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. – Алматы: Жазушы, 1981.
- 8 **Сейсенбаев, Р.** Өмір сүргің келсе. Ешқайда бастамайтын баспалдақ [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1980. – 383 б.
- 9 **Жүнісов, С.** Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том [Мәтін]. – Алматы : Қазығұрт, 2005. – 384 б.
- 10 **Ахтанов, Т.** Шырағың сөнбесін [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1981. – 368 б.
- 11 **Ибраимова, Ж. Ж.** Қазақ тіліндегі мүшеленбейтін сөйлемдер : филол. ғылым. канд. ... автореферат [Мәтін]. – Қарағанды, 2008. – 24 б.

References

- 1 **Ernazarova, Z. Sh.** Sөjleu tili sintaksisiniң pragmalıngvistikalық aspektisi [Pragmalinguistic aspect of speech syntax] [Text]. – Almaty, 2001. – 215 p.
- 2 **Amanzholov, S.** Қазақ әдеби тили sintaksisiniң қуықаша kursy [Brief course on the syntax of the Kazakh literary language] [Text]. – Almaty : Sanat publ., 1994. – 320 p.
- 3 **Balakaev, M., Қордabaev, T.** Қазирги қазақ тили. Sintaksis [Modern Kazakh language. Syntax] [Text]. – Almaty : Shkolnaya STR., 1966. – 340 p.
- 4 **Melikiyan, V. Y.** Ob odnom iz tipov nechlenimyh predlozhenij i ego esteticheskikh funkciyah // Russkij yazыk v shkole [About one of the types of unethical proposals and its aesthetic functions // Russian language in school] [Text]. – 1999. – No. 2. – P. 94–100.
- 5 **Erubaev, S.** Meniң qырdaстarym. SHығarmalary [My peers. Works] [Text]. – Almaty : Zhalyn publ., 1979. – 536 p.
- 6 **Esenberlin, I.** Kөshpendiler [Nomads] [Text]. – Almaty, 1998. – 584 p.
- 7 **Auezov, M.** Zhiyirma tomduқ shyғarmalar zhinafy [Collection of works in twenty volumes] [Text]. – Almaty : Writer, 1981.
- 8 **Sejsenbaev, R.** Өmir syrgiң kelse. Eshqajda bastamajтын baspaldaқ [If you want to live. A ladder that doesn't start anywhere] [Text]. – Almaty : writer, 1980. – 383 p.
- 9 **Zhynisov, S.** Kөp tomduқ shyғarmalar zhinafy. 1-tom [A collection of multi-volume works. Volume 1] [Text]. – Almaty: Kazыgurt, 2005. – 384 p.
- 10 **Ahtanov, T.** Shыraғuң sөнbesin [Don't let your candle go out] [Text]. – Almaty : writer, 1981. – 368 p.
- 11 **Ibraimova, Zh. Zh.** Қазақ tilindegi myshelenbejtin sөjlemder : filol. fylym. kand. ... avtoreferat. [Non-member sentences in the Kazakh language : philol. science. Kand. ... abstract.] [Text]. – Karaganda, 2008. – 24 p.

Материал баспаға 21.05.21 түсті.

Ж. Ж. Ибраимова, С. М. Молгаждарова

Қарағандық университет імені Е. А. Букетова,

Республика Қазақстан, г. Қарағанда.

Материал поступил в редакцию 21.05.21.

ПРЕДЛОЖЕНИЯ, НЕ ПОДЧИНЯЮЩИЕСЯ СТРУКТУРНОЙ СХЕМЕ

Существуют структуры, которые не относятся ни к одному виду нечленяемых предложений (номинативные, генитивные, вокативные, междометные, модальные предложения), состав которых состоит из одного или более слов, но внутри которых на члены предложения не классифицируются, придавая им единые значения. Коммуникемы часто встречаются в разговорной речи. Им присущи свои особенности: предложение произносится приподнятым голосом, в конце ставится восклицательный знак, содержание предложения дополняется эмоционально-выразительными оттенками, такими как восторг, восхищение, похвала, сожаление, жалость, восхищение, тревога, часто формируются из устойчивых фраз.

Ключевые слова: фразеология, реплика, нечленяемый, диалог, коммуникемы.

Zh. Zh. Ibragimova, S. M. Molgazdarova

E. A. Buketov Karaganda State University,

Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 21.05.21.

SENTENCES THAT DO NOT FOLLOW THE BLOCK DIAGRAM

There are structures that do not belong to any type of non-articulate sentences (nominative, genitive, Vocative, interjective, modal sentences), which consist of one or more words, but within which the members of the sentence are not classified, giving them uniform meanings. Communication systems are often found in colloquial speech. They have their own characteristics: the sentence is pronounced in a raised voice, an exclamation mark is placed at the end, the content of the sentence is supplemented with emotionally expressive shades, such as delight, admiration, praise, regret, pity, admiration, anxiety, and often formed from stable phrases.

Keywords: phraseology, replica, non-articulate, dialogue, communication.

Теруге 21.05.2021 ж. жіберілді. Басуға 01.06.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,8 Mb RAM

Шартты баспа табағы 16,1. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3779

Сдано в набор 21.05.2021 г. Подписано в печать 01.06.2021 г.

Электронное издание

1,8 Mb RAM

Усл. печ. л. 16,1. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3779

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz